

Төтенше жағдайларда резервтік электр энергиясының көздерін пайдалану туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 тамыз N 1049.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2724 Заң күші бар Жарлығының 19-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Төтенше жағдайларда резервтік электр энергиясының көздерін пайдалану туралы беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне осы қаулының және тәуелсіз электр энергиясы көздерін қолдану саласында бірыңғай техникалық саясатын жүзеге асыру барысына бақылау жасау жүктелсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 3 т а м ы з д а ғ ы
N 1 0 4 9 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

Төтенше жағдайларда электр энергиясының резервтік көздерін пайдалану туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Табиғи зілзалалар мен өнеркәсіптік авариялардан (жер сілкінулерден, су тасқындарынан, үдемелі көк тайғақ-мұз-қырау шөгінділерінен, өрттерден, жарылыстардан, үйлердің қирауынан, бөгеттердің бұзылуынан және сол сияқтылар) туындайтын төтенше жағдайлар табиғи және техногендік сипатта п а й д а б о л у ы м ү м к і н .

Бұл кезде трансформаторлы қосалқы станциялардың орталықтандырылған энергия көздерінен электрмен жабдықтаудың негізгі және резервтік желілері бір мезгілде істен шығып, бөлу торабын толығымен тоқсыз қалдыруы мүмкін.

2. Тұтынушыларды электр энергиясымен кепілді түрде жабдықтаудың тиімді

техникалық құралы электрмен жабдықтаудың меншікті тәуелсіз (автономды) генеративті көзі (ЭТК) болып табылады.

3. Электрмен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесінің тораптық элементтерінің істен шығуына немесе бұзылуына себеп болған төтенше жағдайлар туындағанда, энергиямен жабдықтаушы ұйымға электрмен жабдықтаудағы төтенше жағдай кезеңінде электрмен жабдықтаудың сыртқы жүйесінің құрылыстарын қалпына келтіру жөніндегі құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізудің барлық кезеңінде электр энергиясын босату амалсыз уақытша тоқтатылғаны үшін тұтынушылар алдында материалдық жауапкершілік жүктелмейді.

4. Даулы оқиға туындаған жағдайда мәселелер заңда белгіленген тәртіппен шешіледі.

5. Электрмен жабдықтаудағы төтенше жағдай кезеңі электрмен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесінің апатты бұзылуы болған аумаққа қызмет көрсететін энергиямен жабдықтаушы ұйым басшысының жергілікті әкімшілікпен келісілген арнайы бұйрығымен жарияланады.

6. Жаңа жауапты тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесіне қосуға техникалық ережелер берген кезде энергиямен жабдықтаушы ұйым оларға ЭТК салу қажеттілігін мұқият ескертуі тиіс.

ЭТК құрылысы мен оның пайдалануды тұтынушылар өз қаржылары мен материалдық-техникалық ресурстары есебінен жүзеге асырады.

2. ЭТК құрастырмалық-техникалық шешімдері

7. Құрастырмалы-техникалық орындалу тәсілі жағынан ЭТК стационарлы немесе жылжымалы (мобильді), әдеттегідей пневматикалық болуы мүмкін.

8. Стационарлы ЭТК тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін технологиялық және инженерлік құрылыстарды жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау, тұтынушылардың өндірістерін авариясыз тоқтатуды қамтамасыз ету, қиын өндірістік процестердің бұзылуын болдырмау және техногендік авариялардың пайда болуы мен дамуының алдын алу, сондай-ақ электрмен тұтынуды шектеу жөніндегі режимдік шаралар үшін арналады.

9. Жылжымалы ЭТК 10 тармақта көзделген мәселелерді жартылай шешумен қатар, негізінен авариялардың дамуын болдырмау және ішкі электрмен жабдықтаудың бөлу торабының бұзылу жағдайларында қалпына келтіру-құтқару жұмыстарын жүргізу мақсатымен авария зардаптарын жою кезінде, сондай-ақ жөндеу жұмыстары кезінде оперативтік қолдану үшін арналады.

10. ЭТК қуаты есептелінген қуаттың сұраныс коэффициенті (бір мезгілдегі)

ескеріліп резервтейтін тұтынушылардың ток қабылдағыштарының қосылған қуатына сәйкес келуі тиіс.

ЭТК қуатын азайту мақсатымен оның жұмыс кезеңінде жауапты емес тұтынушылардың ток қабылдағыштарын, сондай-ақ технологиялық өндірістік процестер уақытын өзгерту арқылы электрмен жабдықтаудың мәжбүрлік кестесі енгізілуі тиіс.

11. Қуаты 30 кВт және одан жоғары жылжымалы ЭТК төтенше жағдайларда олар жұмысқа жарамды жағдайда сақталған және 0,4 кВ бөлу торабында бүліну жоқ болған жағдайда, арнайы ауыстырып қосу қондырғысының көмегімен РУ 0,4 кВ тұтынушылар қосалқы станциясына қосу ұсынылады.

12. Стационарлы ЭТК ол орналасқан ауданға тән табиғи стихиялық құбылыстардың нәтижесінде пайда болатын, сондай-ақ қолданылып жүрген нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес артық қысымды сыртқы ауа толқынының барлық әсерлеріне есептеліп жеке тұрған үйде орналастыру ұсынылады.

Жер сілкіну жобасы шамамен 7 балл және одан жоғары сейсмикалық аудандарда жобалау құрылыс құрылмалары мен технологиялық жабдықтардың сейсмикалық қамтамасыз етілуі ескеріліп жүзеге асырылуға тиіс.

13. Стационарлық ЭТК техникалық элементтері мен оған қатысты арматура негізгі жабдықтармен бір үйде орналасуы тиіс.

14. Жылжымалы ЭТК ретінде жылжымалы дизель электр станцияларымен қатар өзі қызатын және минутына жиілігі 1000 айналымды қуат тандайтын қондырғысы бар сыртқы мобильді жылжымалы двигательдің жетегі (осы генератормен тұрақты байланысы жоқ) арнайы жылжымаға орнатылған бірыңғай сериялы синхронды электр генераторды пайдалануға болады.

15. ЭТК автоматизациялау деңгейін бірінші дәрежемен қабылдауға жол беріледі.

16. Жауапты тұтынушының ішкі электрмен жабдықтау жүйесі істен шыққан жағдайда, ЭТК электр энергиясы жер бетінен кем дегенде 6 м жоғарыда кронштейндерде үйлердің қабырғаларымен кабель немесе өзі алып жүретін оқшауланған сымдар (ӨОС) қолданылған уақытша жүргізілген желілер бойынша бөлінуі тиіс.

Осы мақсаттар үшін жауапты тұтынушыда желілі аппаратурамен қоса бір жинақта ұзындығы бойынша өзі алып жүретін оқшауланған сымдар (ӨОС) маркалы кемімейтін авариялық қоры болуы тиіс.

17. ЭТК қолданудың барлық жағдайларында тұтынушыға электр энергиясын беру тоқтатылған электр торабына ЭТК кернеудің қайта бару мүмкіндігі болмауы тиіс.

Бұл үшін тиісті техникалық құралдар қарастырылуы және қажетті пайдалану

және қызметтік нұсқаулықтар әзірленуі тиіс.

3. Жылжымалы трансформаторлық қосалқы станциялар

18. Орталықтандырылған электрмен жабдықтау жүйесінің резервтік элементі ретінде, электрмен жабдықтаушы ұйымда (электр торабы кәсіпорны) жылжымалы бөлу трансформаторлық қосалқы станциялардың паркі (бұдан әрі - қосалқы станция) болуы тиіс.

19. Электрмен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесінің жабдықталушы орталықтары үшін мобильді қоймалық авариялық резерві ретінде 110, 35 немесе 10 кВ жоғары кернеулі пневматикалық жылжымалы трансформаторлық қосалқы станциялар пайдалануы тиіс.

20. Қосалқы станцияның құрылмасы мен габариттері оны қатты төсенішті автомобиль жолдарымен тасымалдау мүмкіндігін және көлік жағдайындағы орнықтылығын қамтамасыз етуі керек.

Қосалқы станция көлік жағдайында барлық салмақ түсетін винтті домкраттармен жабдықталуы тиіс.

21. Қосалқы станция жөндеу-қалпына келтіру кезеңінде, төтенше жағдай туындағанда қосалқы станциядағы бұзылған негізгі жабдықтарды алмастыру кезінде жауапты тұтынушыларды электрмен жабдықтау және электр беріліс желілерін жұмыс жағдайында сақтау үшін арналады.

22. Жылжымалы қосалқы станция жабдықтарының пайдалану тиімділігін арттыру үшін оны мынадай жағдайларда қолдану ұсынылады:

қолданудағы бір трансформаторлы қосалқы станциялардың жоспарлы сақтық және күрделі жөндеу мен техникалық қызмет көрсету кезеңдерінде;

қарбалас маусымдық жүктемелер уақытында трансформаторлық қуат жетіспегенде резервтік қондырғы ретінде;

жаңа құрылыс алаңдарында, сондай-ақ қолданудағы ЖЖ 110 және 35 кВ өне бойына созылған өндірістік объектілердің құрылыстарын пионерлік электрмен ж а б д ы қ т а у ы ү ш і н ;

ЖЖ сымдары мен сым арқандарындағы мұзды ерітуді ұйымдастыру үшін.